

## **Қылмыстық құқық бұзушылықтардан жәбірленген адамдардың құқықтары мен міндеттерін регламенттейтін заңнаманы қолдану практикасы туралы**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1992 жылғы 24 сәуірдегі N 2 нормативтік қаулысы.

Ескерту. Тақырыпқа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 22.12.2008 N 3; 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "80" деген цифрлар "76" деген цифрлармен; "процессуалдық" деген сөз "процестік" деген сөзбен; "хұқығы", "хұқықты", "хұқықтары", "хұқыққа", "хұқықтарын", "хұқығынан", "хұқығына" деген сөздер тиісінше "құқығы", "құқылы", "құқықтары", "құқыққа", "құқықтарын", "құқығынан", "құқығына" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қылмыстық құқық бұзушылықтардан жәбірленген адамдардың құқықтары мен міндеттерін регламенттейтін заңнаманы соттардың қолдану практикасын талқылап және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Соттардың назары олардың Қазақстан Республикасының Конституциясы кепілдік жасаған жәбірленушінің жеке басына, оның саяси, еңбек, тұрғын үй және басқа жеке және мүліктік құқығы мен мүдделеріне қоғамға қауіпті қол сұғушылықтарды қарау жөніндегі қызметтерінде жәбірленушілердің құқықтық қорғауын қамтамасыз ету деңгейін төмендететін түйінді кемшіліктер бар екеніне аударылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Соттар жәбірленушілердің оларға жүктелген, шақыру бойынша келу және шындықты айтып жауап беру міндеттерін орындауын қамтамасыз ету, олардың құқықтарын қатал және дәйектілікпен сақтау іс бойынша шындықты анықтауға және заңды, дәлелді әділ шешім қабылдауға көмектесетінін ескерулері қажет.

3. Қоғамға қауіпті іс-әрекеттен моральдық, дене немесе мүліктік зиян оған тікелей келтірілген адам, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның анықталғанына, оның жауапқа тартылғанына байланыссыз жәбірленуші болып танылады. Аяқталмаған қылмыстық әрекеттер жөніндегі істер бойынша (қылмыстық құқық бұзушылыққа

даярланғандық, қылмыстық құқық бұзушылық жасауға оқталғандық) жәбірленуші болып оған моральдық, дене немесе мүліктік зиян нақты келтірілгенде ғана танылады.

Егер моральдық, дене немесе мүліктік зиян адамның зиянды келтіруге өзінің ерікті келісімінің (мысалы, криминалдық абортпен байланысты, пара беру ж.б.) салдарынан пайда болған болса, оны жәбірленуші деп тануға болмайды.

Қылмыстық құқық бұзушылықпен мүліктік зиян келтірілген заңды тұлға жәбірленуші болып танылуы мүмкін. Мұндай жағдайда өкілеттігі тиісті сенімхатпен ресімделген заңды тұлғаның өкілі жәбірленушінің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асырады.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 3; 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.**

4. Қоғамға қауіпті іс-әрекетпен зиян келтірілген адам тек оны жәбірленуші, азаматтық талапкер деп тану туралы қаулы шығарылғаннан кейін ғана тиісті процесстік құқықтарға ие болады және оған заңмен белгіленген міндеттер жүктеледі. Сондықтан сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған сәттен бастап адамды жәбірленуші деп тану, оған толық және уақтылы іске асыру мақсатында құқықтары мен міндеттерін, оның ішінде, білікті заң көмегін алу, ал Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 76-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда оны тегін алу құқығын түсіндіру, дереу жүргізілуі керек.

Адамды жәбірленуші деп тану туралы қаулыда оған қандай зиян келтірілгені көрсетілуі керек, зиянның бірнеше түрі келтірілгенде, бұл жағдай қаулыда (ұйғарымда) бейнеленуі қажет.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22 N 3, 2010.06.25 N 5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т.қараңыз); 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.**

**4-1. Алып тасталды - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.04.21 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

5. Материалдық залалды, оның ішінде асыраушысынан айырылумен байланысты, зақымдану немесе денсаулығына басқа жарақаттар түсірумен байланысты келтірілген, жерлеуге жұмсалған шығындар туралы, моральдық зиянды ақшалай толықтыру туралы т.б. залалды өтеу туралы талап қойған жәбірленуші адам азаматтық талапкер болып та танылуы керек.

Иеленушісінде (жалға алушы, сақтаушы ж.б.) заңды негізде тұрған материалдық құндылықтарды ұрлаған, зақымдаған немесе жойған жағдайда азаматтық талапты осы құндылықтың иесі де, иеленушісі де беруге құқықты.

Азаматтық талапкер болып танылған жәбірленуші, істе прокурордың қатысуына байланыссыз, талапкер қатарында соттағы жарыссөздерге қатысуға құқықты.

5-1. Қордан өтемақы алуға құқығы бар жәбірленушіге қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың нәтижесінде келтірілген зиян "Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы" 2018 жылғы 10 қаңтардағы № 131-VI Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда, тәртіп пен мөлшерде өтеледі.

Адамда өтемақы алу құқығы ол жәбірленуші деп танылғаннан кейін тікелей бірден туындайды және оның немесе оның өкілінің қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органға арыз беру жолымен іске асырылады (2020 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізіледі).

**Ескерту. 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т.қараңыз) нормативтік қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 (01.07.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

6. Нәтижесі адамның өлімімен аяқталған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша заңда көрсетілген жәбірленушінің құқықтарына оның жақын туысқандары, жұбайы (зайыбы), бала ғып алушылар, бала болушылар ие болады, олардың ішінен біреуі өзара келісімдері бойынша жәбірленушінің өкілі емес, жәбірленуші деп танылады. Егер жәбірленушінің құқықтарын жоғарыда көрсетілген адамдардың бірнешеуі талап етсе, оларды да жәбірленуші деп тануға болады. Қасақана кісі өлтіру жөніндегі істер бойынша, егер қылмыс өлген адамның жақындарының көз алдында жасалған болса, ол адамдар жәбірленуші деп танылуға тиіс.

Жәбірленуші өлген ретте және оның жақын туысқандары, жұбайы (зайыбы), бала ғып алушылар, бала болғандар жоқ болса, қылмыстық істер сотта жүргізгенде оның құқықтарын қамқоршылар, қорғаншылар, ол қорғаншылықта немесе асырауында болған мекемелердің, ұйымдардың және адамдардың өкілдері іске асыра алады. ҚПК-нің 7-бабының 11) тармағына сәйкес ата-аналар, балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер, ата, әже, немерелер жақын туыстар болып табылады.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

7. Жәбірленуші өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін өз бетімен не қылмыстық процесті жүргізуші орган қылмыстық процеске қатысуға жіберетін өкіл арқылы жүзеге асыра алады. Бұл жағдайда қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарлама негізінде адвокат, сондай-ақ сенімхат негізінде жәбірленушінің мүдделерін заң күшіне орай білдіруге құқылы кез келген адам, оның ішінде жақын туыстары да өкіл бола алады.

Егер жәбірленуші кәмелетке толмаған адам немесе сот ісін жүргізу тілін білмейтін не өзінің дене бітімі немесе психикалық жағдайы бойынша өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін өздігінен қорғауға мүмкіндігі жоқ адам болып табылса, заңды өкілдің және өкілдің қатысуы міндетті. Бұл жағдайда жәбірленушінің жеке өзі немесе оның заңды

өкілі таңдап алған адвокат қана өкіл ретінде жіберіледі. Заңды өкілдің ұғымы ҚПК-нің 7-бабының 13) тармағында берілген.

Осы талап бұзылған жағдайда қандай жағдайда болмасын соттың үкімінің, қаулысының күші жойылуға жатады.

Он төрт жасқа дейінгі не он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмаған жәбірленушіден жауап алу кезінде заңды өкілдермен қатар педагог пен психолог қатысады.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

8. Істе жәбірленушінің, оның заңды өкілінің, я жақын туысқандары ішінен өкілдің қатысуы осы істе бір уақытта келісім бойынша жәбірленушінің өкілі болған адамды қатысу мүмкіншілігінен айырмайды. Мұнымен қатар адамды жәбірленуші деп таныған кезден бастап, оған сотта іс жүргізу сатысының қай кезінде болса да келісіммен болған өкілдің қатысуға құқығы бар екенін түсіндіруді ескеру керек.

Қатысуына заңмен тиым салынған адамдар өкіл бола алмайды.

Өкілдер іске жәбірленушімен қатар да, ол жоқ кезде де жіберіледі. ҚПК-нің 76-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда өкілдердің еңбегіне ақы төлеу бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Жәбірленушінің, азаматтық талапкердің өкілдері жәбірленушінің, азаматтық талапкердің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің басы-қасында болуға және прокурордың, тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен қатысуға құқылы.

Жәбірленуші іс бойынша өндірістің қай кезінде болса да келісіммен болған өкілден бас тартуға құқылы.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т.қараңыз); 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.**

9. Жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, олардың өкілдерінің сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталмастан бұрын іспен танысуды қажет етпеймін деп берген арызы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаны көрсетілген адамдарға сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталғанын хабарлау және іспен танысуға, тілектер қоюға құқықтары бар екенін түсіндіру міндеттерінен босатпайды.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

10. (Ескерту. 10-тармақ алынып тасталды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 3 Нормативтік қаулысымен).

11. Жеке айыптау істері бойынша айыпталушы қарсы айып тағуға құқылы, мұндай жағдайда сот екі айыптауды бір мезгілде шешуі тиіс. Ондай жағдайда екі арызданушы бір процесте тек жәбірленуші ғана емес, сол сияқты сотталушы да болып есептеледі, және сот олардың әрқайсысына заңда көрсетілген жәбірленушінің де, сотталушының да барлық процестік құқықтарын сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 3 Нормативтік қаулысымен.**

12. Сот сотталушыны жәбірленушінің ар-намысы мен абыройын даттап масқаралайтын өтірік өсектер мен мағлұматтарды бұқаралық ақпарат құралдарында таратқаны үшін кінәлі деп таныса, үкімде жәбірленушінің беделін түсіретін мағлұматтардың жалғандығын баспасөзде жариялау қажеттігі жөнінде мәселе шешуге міндетті.

13. Жәбірленуші, азаматтық талапкер, олардың өкілдері сотта іс жүргізілген тілді түсінбейтін болса тілмашпен қамтамасыз етілуге тиіс. Олардың мүддесіне қатынасы бар іс материалдары бұл адамдардың тілегі бойынша өздерінің ана тіліне немесе олар білетін тілге аударылуы керек.

14. Жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, олардың өкілдеріне қандай да болса заңсыз ықпал жасаудан олардың қорғану құқығы бар екендігі уақтылы түсіндірілуі керек.

Жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, олардың өкілдеріне, сондай-ақ олардың семья мүшелеріне немесе жақын туыскандарына өлтіру, күш қолдану, мүліктерін жою немесе зақымдаумен қорқыту, сотқа келулеріне кедергі жасау, жауап беруден бас тарттыруға я біле тұра жалған жауап беруге, немесе басқадай құқыққа қарсы әрекеттерге мәжбүр ету жөнінде жеткілікті мәліметтер болса, анықтама органдары, тергеуші, прокурор, сот бұл адамдардың өмірін, денсаулығын, ар-намысын, абыройын және мүліктерін қорғауға, сондай-ақ кінәлі адамдарды анықтап оларды жауапқа тарту үшін заңда көрсетілген шараларды қолдануға тиіс.

**15. Алып тасталды - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

16. Қылмыстық процесті жүргізуші орган моральдық, дене немесе мүліктік зиян келтірілген қылмыстық құқық бұзушылық туралы әрбір іс бойынша қылмыстық істе азаматтық талап қоюға жәбірленушінің құқығын түсіндіруге, ал мұндай талап қойылған кезде оны азаматтық талапкер деп тануға және оған тиісті құқықтарын түсіндіруге міндетті.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 5 ( колданысқа енгізілу тәртібін 2-т.қараңыз) Нормативтік қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап колданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**



17. Жәбірленушіге қоғамға қауіпті іс-әрекетпен келтірілген материалдық залалды өндіру қолданылып отырған заңда көрсетілген тәртіппен және мөлшерде қылмыстық істі сотта қарау ретінде шешіледі. Сонымен қатар соттар азаматтық заң нормаларына сәйкес мүліктік зиянға жауапты адам азаматтық талапкерге немесе жәбірленушіге зиянды натурасында өтеуге міндетті екенін (сол түрдегі және сападағы затты беруге, зақымданған затты түзеуге т.с.с.) немесе жәбірленушіге ұрлықпен, жоюмен, я оның затын зақымдаумен келтірілген шығындарды толықтай өтеуге; зиян келтіруші жәбірленушінің зақымдануына, немесе басқаша денсаулығы жарақаттануына, асыраушысынан айырылумен байланысты шығындарды, жерлеу шығындарын өтеуге; заңда көрсетілгеннен басқа беттерде көтеріңкі қауіп арнасымен келтірілген зиянды, арнаның иесі төлеуге; әрекеттік қабылеттілігі жоқ деп танылған азаматтың келтірілген зиянын, оның қамқоршысын немесе оған қадағалау жасауға міндетті ұйым өтеуге (егер олар зиян олардың кінәсінен пайда болмағанын дәлелдей алмаса); он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмаған адамның келтірген зиянын, онда зиянды өтеу үшін жеткілікті мүлік немесе өзге де кіріс көздері болмаған жағдайда, оның заңды өкілдері, егер зиянның пайда болуына өздерінің кінәлі еместігін дәлелдей алмаса, зиянды толық немесе жетіспейтін бөлігінде өтеуге тиіс екенін ескергендері жөн.

**Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

18. Мүлікті ұрлау, зақымдау немесе жоюмен келтірілген залал жәбірленушіге өтеу жөнінде шешім қабылданған күнге орныққан бағаны ескере отырып өтеледі.

Қажетті деп табылған ретте мүлікті ұрлау, зақымдау немесе жою арқылы келтірілген залалдың мөлшерін сот сараптама қорытындысы негізінде анықтайды, не залалды мамандар немесе сарапшылар анықтауы мүмкін.

Сот іс қараған кезде орныққан бағаны ескеріп, өтеуге жататын залалдың мөлшерін көбейтуге құқықты. Қылмыстық құқық бұзушылық жасалғаннан кейін бағаның өзгерумен байланысты өндірудің мөлшерінің өзгеруі қылмыстық құқық бұзушылықтың саралануы мен айып көлеміне ықпал жасамайды.

**Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

19. Айыптау үкімін шығарған кезде сотталғаннан жәбірленушінің пайдасына сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында және сотқа шарт бойынша қатысқан жәбірленушінің өкілінің еңбегін төлеумен байланысты шығындар өндірілуге жатады.

Қылмыстық іс жүргізу заңында көрсетілген жәбірленушінің, оның өкілінің басқа шығындары (процестік әрекеттер жүргізілетін жерге келгенде және кері қайтқанда

жолдың ақысын төлеу, тұрғын үй жалдаудың, тәуліктің төлемі және басқалар) жоғарыда аталған адамдардың пайдасына сотқа дейінгі тергеп-тексеру, сот органдарының қаржысынан төленеді де, кінәлі адамнан мемлекет пайдасына өндіріледі.

**Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

20. Сот, залалды біріккен әрекеттерімен келтірген сотталған адамдарға, егер мұндай тәртіп азаматтық талапкердің мүдделеріне сай келсе және залалды өндіруді қамтамасыз ететін болса, ортақ емес үлесті, жауаптылықты міндеттеуге құқылы.

**Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

21. Сот жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, олардың өкілдеріне сот мәжілісінің хаттамасымен танысуына және оған өз ескертпелерін беруге құқылы екенін түсіндіруге міндетті және бұл басты сот талқылауы хаттамасында бейнеленуге тиіс. Тағайындалған мерзімдерді бұзып жасалған хаттамаға қол қойылған күн туралы көрсетілген адамдар хабарлануға тиісті.

**Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

22. Егер сот істі сотта қарау үстінде қоғамға қауіпті әрекетпен зиян келтірілген азаматтың жәбірленуші деп танылмағанын анықтаса, сот оны жәбірленуші деп тану жөнінде қаулы шығаруға, оған құқықтарын, оның ішінде сотта қарау материалдарын қоса, іспен танысуға құқылы екенін түсіндіруге және оның құқықтарын іске асыруын қамтамасыз етуге тиіс.

Көрсетілген жағдайлар кеңесу бөлмесінде анықталса, сот сот тергеуін қайта бастауға міндетті.

**Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22. N 3 Нормативтік қаулысымен.**

23. Жәбірленушіге бірінші сатыдағы сотқа оның қатысқан, қатыспағанына қарамастан апелляциялық түрде шағыну құқығы қамтамасыз етілуі керек.

Жәбірленуші барлық реттерде шығарылған үкім жөнінде оған шағыну тәртіптері түсіндіріліп, процестің басқа қатысушыларының шағымдары және прокурор келтірген өтінішхат, сол сияқты істің апелляциялық, кассациялық сатыдағы сотта қаралатын күні мен орны жөнінде хабарлануы тиіс.

**Ескерту. 23-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22 N 3, 2010.06.25 N 5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т.қараңыз); 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.**

24. Апелляциялық сатыдағы сот жәбірленуші келтірілген прокурордың өтінішхаты немесе процесстің басқа қатысушыларының берген апелляциялық шағымдары, сол сияқты істің апелляциялық түрде қаралатын күні жөнінде хабарланбағанын, немесе прокурордың өтінішхатымен, шағыммен танысуға, оларға қарсылық беруге мүмкіншілік жасалмағанын анықтағанда, өзі істей алатын реттерден басқа жағдайда (мысалы, жәбірленушінің апелляциялық, кассациялық сатыға келуі және қажетті құжаттармен танысуы), істі жіберілген бұзушылықтарды жою үшін үкім шығарған сотқа қайтаруға тиіс.

**Ескерту. 24-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22 N 3, 2010.06.25 N 5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т.қараңыз); 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.**

25. Үкімді ауырырақ қылмыстық құқық бұзушылық жөніндегі заңды қолдану қажеттілігі, я жазаның жеңілдігімен байланысты бұзу, сол сияқты ақтау үкімін бұзу жәбірленуші тек осы көрсетілген негіздермен апелляциялық шағым, кассациялық тәртіппен өтінішхат шағым берген реттерде болуы мүмкін. Егер жәбірленуші үкімге басқа негіздермен шағынған болса (оған келтірілген мүліктік залалдың мөлшерін қате есептеу, басқа адамдарды жауапқа тартпағандық ж.с.с.) онда сот сотталғанның жағдайын әлсіретуге, немесе ақтау үкімін бұзуға құқылы емес.

**Ескерту. 25-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22 N 3, 2010.06.25 N 5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т.қараңыз); 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.**

26. Жәбірленушіні құқығынан айыру немесе құқығына шек қою, егер ол соттың істі жан-жақты қарауына және заңды, дәлелді үкім шығаруына ықпал жасаса, үкімді бұзуға әкеліп соғатын қылмыстық істер жүргізу заңының елеулі бұзылуы болып танылуы мүмкін.

Осыған байланысты соттар қылмыстық істі басты сот талқылауында қарастыру кезінде де және іс бойынша шыққан сот актілерін апелляциялық тәртіпте қайта қарау кезінде де, сонымен қатар сотталушыны жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату мәселесін қарастыру кезінде жәбірленуші мен оның өкілінің қатысуын қамтамасыз етуі тиіс. Сондай-ақ, сот оларға іс материалдарымен танысу, соның ішінде түскен шағымдармен, прокурор келтірген өтінішхаттармен және өзге де өтінішхаттармен танысу, сотқа жазбаша қарсы пікірлерін, өтініштерін және өтінімдерін жолдау, сот отырыстарына қатысу мүмкіндігі болмаған жағдайда өзінің өкілін жіберу немесе олардың қатысуынсыз істі қарастыру туралы сотқа жазбаша хабарлау құқықтарын түсіндірулері қажет.

**Ескерту. 26-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т.қараңыз); 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.**



27. Осы қаулының қабылдануымен байланысты ССРО Жоғарғы Соты Пленумының 1985-жылғы 1-қарашадағы "Жәбірленушінің қылмыстық сот өндірісіндегі қатысуын реттейтін заңды соттардың қолдану практикасы туралы" N 16 қаулысы жарамсыз деп саналады.

**Ескерту. 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т.қараңыз) Нормативтік қаулысымен.**

28. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-тармағына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Ескерту. Нормативтік қаулы 28-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**